



Этнопедогогиканың басқа ғылымдармен өзара байланысы.



Жоспар:

1)Этнопедогогика тұралы.

2)Этнопедогогиканың әр
бір саламен байланысы.



«Этнос» (гректің «тайпа», «халық», «ұлт» деген сөзінен шықан) және «педагогика» сияқты екі сөзден құралып, **этнопедагогика** деп аталатын ғылым.



**Этнопедагогика ғылымы XX ғасырдың
60-жылдарынан бастап ғылым ретінде
зерттеліп, оның ғылыми- теориялық
негіздері айқындалды.**



Зерттеу объектісі - халықтың тәлім-тәрбие жөніндегі ұғым-түсініктері, дәстүрлері, тәжірибесі болып табылатын ғылым саласы ретінде пайда болған.





Этнопедагогика пәні – ұлттық мәдениеттің бейнесін көрсететін және сол ұлттық мәдениеттің мәнін түсіндіріп, іс-әрекетте қолданыстарын үйрететін пән.



Этнопедагогика өзінің ішкі құрылымымен сан-салалы ғылымның басын қосатын аса күрделі білім саласы. Әсіресе халық педагогикасын зерттеудің теориялық негізін анықтауда өз саласындағы жетістіктермен қатар өзімен сабақтас, әрі тамырлас ғылымдармен де тығыз байланысады.



Философия – бұл адамды күшті идеялық сенімге, айқын түсінуге, білушілікке тәрбиелейді. Философия табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдарын, түбегейлі мәселелерін зерттейді, өмір шындығын танып білу жөніндегі көзқарастың негізгі жүйесі болып табылады, адамды идеялық сенімге, айқын түсіне білушілікке тәрбиелейді.





**Этнопедагогика философиялық білімдерді
басшылыққа алып, тәрбиенің
мәселелерін шешуде өзара байланыста
қызмет атқарады.**



Психология – адамның мінез-құлқын қалай тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін іздестіреді. Педагогика психология мен тығыз байланысты. Педагогика тәрбие мен дидактика мәселелерін әр уақытта психологиялық ғылыми мәліметтерге сүйене отырып зерттейді. Егер психология психологиялық процесті және адамның дербес ерекшеліктерін, адам психологиясының даму заңдылықтарын зерттейтін болса, ал, педагогика осы мәселелерді терең пайдалана отырып, адамда қалыптастыру үшін тәрбие мен оқыту және білім берудің тиімді әдістері мен құралдарын анықтап ашады.





Адам физиологиясы – бала организміндегі жоғарғы нерв қызметін, тыныс алу, қан және жүрек тамыр жүйесінің физиологиялық ерекшеліктерін қарастырады.





Мектеп гигиенасы – жас ұрпақтың денсаулығын сақтау, нығайту және дамыту жайындағы ғылым.



Әлеуметтану – жас ұрпақты дамыту, тәрбиелеу және қалыптастыру проблемаларын зерттеу барысында педагогика ғылымы әлеуметтік орта мен тәрбие жайындағы мәліметтерді әлеуметтану ғылымы негізінен қарастырып, шешім қабылдайды.





Этнография – белгілі бір халықтың экономикасын, қоғамдық және рухани мәдениетін, тұрмысын зерттейді.



Археология - өткен ғасырдағы ескерткіштер
арқылы халықтардың әдет-ғұрып,
мәдениеті, тарихын зерттейді.





Назарларыңызға
рахмет!!!

